

## ҚАЗАҚСТАНДА «САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ» 4 ТДМ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**БАЙДАКОВ А.К.\*<sup>1</sup>**

экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**КУРМАНОВ Н.А.<sup>2</sup>**

PhD, профессор

**ВЭИ ФЭН.<sup>3</sup>**

PhD, профессор

**ТОКЕНОВА С.М.<sup>1</sup>**

PhD

<sup>1</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>A&F Солтүстік-Батыс университеті, Синьян қ., Қытай Халық Республикасы

**АНДАТПА.** Өмір бойы инклюзивті және сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған 4 «Сапалы білім беру» Тұрақты даму мақсаты (ТДМ) Қазақстан үшін маңызды міндет болып табылады. Жылдам өзгеретін әлем жағдайында сапалы білім – ел экономикасының өсуінің маңызды факторы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік прогресстің негізіне айналып отыр. Мақалада қаржыландырудың, ресурстарды бөлудің және мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы өзара іс-қимылдың рөліне баса назар аударыла отырып, Қазақстанда 4 ТДМ-ға қол жеткізуге әсер ететін экономикалық факторларға кешенді талдау жүргізілді.

2024 жылғы ТДМ рейтингінің деректері бойынша Қазақстан 66-шы орындағы өз орнын сақтап қалғанымен, 4 ТДМ бойынша динамика теріс, бұл осы саладағы прогрестің баяулағанын көрсетеді. Тенденцияларды талдау білім беру жүйесін жақсартуға бағытталған жалпы күш-жігерге қарамастан, экономикалық қолдаудың жеткіліксіздігі және ресурстарды тиімсіз бөлу 4 ТДМ міндеттерін жүзеге асыруды баяулатуды жалғастыруда. Зерттеу нәтижесінде орын алған мәселелерді жоюға және Қазақстанда 4 ТДМ-ды жүзеге асыруды жеделдетуге бағытталған білім беру бюджеттерін жұмсауды оңтайландыру, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы үйлесімді жақсарту бойынша ұсынымдар ұсынылды.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** тұрақты даму мақсаттары, Қазақстан, сапалы білім беру, экономикалық факторлар, білім беру саясаты, рейтинг.

## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДОСТИЖЕНИЯ ЦУР 4 «КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ» В КАЗАХСТАНЕ

**БАЙДАКОВ А.К.\*<sup>1</sup>**

кандидат экономических наук, ассоциированный профессор

**КУРМАНОВ Н.А.<sup>2</sup>**

PhD, профессор

**ВЭИ ФЭН.<sup>3</sup>**

PhD, профессор

**ТОКЕНОВА С.М.<sup>1</sup>**

PhD

<sup>1</sup>Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Северо-западный университет A&F, г. Синьян, Китайская Народная Республика

**АННОТАЦИЯ.** Цель Устойчивого Развития (ЦУР) 4 «Качественное образование», нацеленная на обеспечение инклюзивного и качественного образования на протяжении всей жизни, представляет собой важную задачу для Казахстана. В условиях быстро меняющегося мира качественное образование становится не только важным фактором для роста экономики страны, но и основой для социального прогресса. В статье проводится

комплексный анализ экономических факторов, влияющих на достижение ЦУР 4 в Казахстане, с акцентом на роль финансирования, распределения ресурсов и взаимодействия между государственным и частным секторами.

По данным рейтинга ЦУР 2024, Казахстан сохранил свою позицию на 66-м месте, однако динамика по ЦУР 4 негативная, что свидетельствует о замедлении прогресса в этой области. Анализ тенденций показывает, что, несмотря на общие усилия по улучшению образовательной системы, недостаточная экономическая поддержка и неэффективное распределение ресурсов продолжают замедлять достижение ЦУР 4. В результате исследования предложены рекомендации по оптимизации расходования образовательных бюджетов, улучшению координации между государственными и частными секторами, которые нацелены на устранение существующих проблем и ускорение достижения ЦУР 4 в Казахстане.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** цели устойчивого развития, Казахстан, качественное образование, экономические факторы, образовательная политика, рейтинг.

## ECONOMIC ASPECTS OF ACHIEVEMENT SDG 4 "QUALITY EDUCATION" IN KAZAKHSTAN

**BAIDAKOV A.K.\*<sup>1</sup>**

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor

**KURMANOV N.A.<sup>2</sup>**

PhD, Professor

**WEI FENG<sup>3</sup>**

PhD, Professor

**TOKENOVA S.M.<sup>1</sup>**

PhD

<sup>1</sup>S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>Northwest A & F University, Xinyang, People's Republic of China

**ABSTRACT.** Sustainable Development Goal (SDG) 4 "Quality education", aimed at ensuring inclusive and quality education throughout life, is an important task for Kazakhstan. In a rapidly changing world, high-quality education is becoming not only an important factor for the growth of the country's economy, but also the basis for social progress. The article provides a comprehensive analysis of the economic factors influencing the achievement of SDG 4 in Kazakhstan, with an emphasis on the role of financing, resource allocation and interaction between the public and private sectors.

According to the SDG 2024 rating, Kazakhstan retained its position in 66th place, but the dynamics of SDG 4 is negative, which indicates a slowdown in progress in this area. Trend analysis shows that despite common efforts to improve the educational system, insufficient economic support and inefficient resource allocation continue to slow down the achievement of SDG 4. As a result of the study, recommendations were proposed to optimize the spending of educational budgets, improve coordination between the public and private sectors, which are aimed at eliminating existing problems and accelerating the achievement of SDG 4 in Kazakhstan.

**KEYWORDS:** Sustainable Development Goals, Kazakhstan, quality education, economic factors, educational policy, rating.

**КІРІСПЕ.** Білім беру – бұл әлеуметтік және экономикалық прогресті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын қоғамның тұрақты дамуының негізгі аспектісі. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше мемлекеттер қабылдаған негізгі бес бағытты (адамдар, планета, өркендеу, бейбітшілік және серіктестік) қамтитын 17 мақсатты 2030 жылға дейін жүзеге асыруды көздейтін Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) қатарында 4 ТДМ «Сапалы білім беру» қоғамның барлық мүшелеріне өмір бойы инклюзивті және сапалы білім алуды қамтамасыз етуді ынталандыруға бағытталған орталық міндеттердің бірі ретін-

де ерекшеленеді [1]. Сапалы және инклюзивті білім берумен байланысты 4 ТДМ-ға қол жеткізу мәселесіне әртүрлі елдердегі білім беру жүйелерін жақсартуға бағытталған әртүрлі тәсілдер мен стратегияларды талдайтын көптеген заманауи шетелдік зерттеулер арналған. Бұл зерттеулер білім беруді қаржыландыруды, мемлекеттік және жеке сектордың білім беру инфрақұрылымын дамытуға әсерін және білімге қол жеткізудегі әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктерді жеңу жолдарын қамтитын көптеген тақырыптарды қамтиды. Заманауи жұмыстар технологияның рөліне, оқытудың инновациялық әдістеріне және

инклюзивті білім беру тәжірибелеріне назар аударады, олардың SDG 4-ке қол жеткізуге әсерін зерттейді [2]. Атап айтқанда, ғалымдар дамушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық прогреске және өмір сүру сапасын жақсартуға тиімді ықпал ететін тұрақты білім беру модельдерінің маңыздылығын атап көрсетеді [3].

Қазақстан экономикасы дамып келе жатқан және жаңғыртуға ұмтылып отырған мемлекет ретінде осы бағыттағы міндеттерді шешуге бағытталған бірнеше ұлттық жобалардың жүзеге асырылуына қарамастан, осы мақсатты іске асыруда жаңа мүмкіндіктермен қатар кедергілерге де тап болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық Жолдауларында ТДМ жүзеге асырумен байланысты тапсырмалар мен мәселелер шеңбері бірінші кезекте қарастырылған, 02.09.2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында да басқа міндеттермен қатар 5 бағдар - «Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру» мәселесі жан-жақты қарастырылған [4].

30.07.2024 жылы бекітілген «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында» дамыту қарастырылған 4 топқа біріктірілген 17 бағыт арасында «Өмірдің жоғары сапасы» 1-тобында Білім мен ғылым саласын 2029 жылға дейін дамытудың 5 басым бағыты нақтыланған: олар білім берудің барлық деңгейлерінің (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім) сапасы мен қолжетімділігін арттыруды, ғылымның ұлттық моделін қайта жүктеуді қамтиды. Жоспар ТДМ жүзеге асырумен толықтай интеграцияланған, басқа да мемлекеттік жоспарлармен қатар даму мақсаттарын жүзеге асырумен байланысты міндеттерді шешуді жеделдетуге бағытталған [5].

Қазақстан 2024 жылғы ТДМ жүзеге асыру туралы Баяндаманың қорытындысы бойынша жарияланған рейтингте 167 ел арасында 71,1 балл жинап, 66-шы орын деңгейіндегі өткен жылғы өз орнын сақтап қалғанымен [6], соңғы жылдары 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттерін жүзеге асыру бойынша теріс тенденция білім беру саласындағы дамудың баяулауын көрсетеді.

Бұл жағдай білім беру мақсаттарына ықпал етуі немесе кедергі келтіруі мүмкін экономикалық факторларды тереңірек зерттеу қажеттілігін тудырады.

Экономикалық ортаның анықсыздығы мен ресурстардың шектеулігі шарттарында білім беру саласын қаржыландыру білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігіне әсер ететін маңызды аспект болып қала береді. Қаржыландыру-

дың жеткіліксіздігі, ресурстарға қол жетімділіктің теңсіздігі және экономикалық кедергілер білім беру мекемелері мен білім алушылардың мүмкіндіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты мемлекеттік және жеке инвестицияларды бөлумен байланысты экономикалық жағдайлар мен факторларды түсіну тиімді білім беру саясатын әзірлеу және жүзеге асыру үшін өте қажетті.

Зерттеуде Қазақстанда 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттеріне қол жеткізуге әсер ететін экономикалық факторларды талдауға баса назар аударылды. Бюджет қаражатын тиімсіз бөлу, әртүрлі өңірлердегі білім беру ресурстарына қолжетімділіктің шектелуі, сондай-ақ білім беру бастамаларын қолдаудағы жеке сектордың рөлі сияқты негізгі мәселелер қарастырылады.

Мақаланың мақсаты – Қазақстанда 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттеріне қол жеткізуге әсер ететін экономикалық факторларды зерттеу және білім беру сапасы мен қолжетімділігін жақсарту үшін ресурстарды бөлуді оңтайландыру жолдарын анықтау.

#### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.**

Зерттеудің объектісі – Қазақстанда 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттерін жүзеге асыруға ықпал ететін білім беруді қаржыландыру, ресурстарды бөлу және білім беру бастамаларын қолдаудағы жеке сектордың рөлі және т.б. экономикалық факторлар болып табылады.

Зерттеу барысында келесідей әдістер мен материалдар қолданылды:

– ағымдағы жағдайды бағалау мен тенденцияларды анықтау үшін статистикалық деректерді талдау әдісі: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ТДМ жүзеге асыру бойынша арнайы статистикасы, ҚР Оқу-ағарту және Ғылым және жоғары білім министрліктерінің есептері, Ұлттық баяндамалар, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ талдамалық ақпараттары; сонымен қатар БҰҰ, Дүниежүзілік банк секілді халықаралық ұйымдардың есептері, индекстері мен рейтингтері талданды;

– мемлекеттік бағдарламалардың мазмұнды талдауы: білім беру сапасын жақсарту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды қоса алғанда, Қазақстанның білім беру саласына қатысты стратегиялық құжаттары мен жобалары бағаланды;

– салыстырмалы талдау: ТДМ-ға қол жеткізуде табысты нәтижелер көрсеткен басқа мемлекеттер мен Қазақстан арасында салыстырмалы талдау жүргізілді.

Таңдалған әдістер мәселенің сандық және сапалық аспектілерін қамти отырып 4 ТДМ міндеттерін жүзеге асыруға экономикалық фактор-

Кесте 1 – Қазақстанның «ТДМ бойынша Прогресс индексі» рейтингіндегі орны

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Рейтингтегі орын	65	59	65	66	66
Балл	71,1	71,6	71,1	71,6	71,1
4 ТДМ мәртебесі	«сары» аймақ; мәселелер әлі де бар	«сары» аймақ; мәселелер әлі де бар	«қызыл сары» аймақ; елеулі мәселелер бар	«қызыл сары» аймақ; елеулі мәселелер бар	«сары» аймақ; мәселелер әлі де бар
4 ТДМ тенденциясы	орташа жақсару	стагнация	стагнация	стагнация	төмендеу

Ескерту – [6] әдебиет көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

лардың әсері туралы жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік береді.

**НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.** Қазақстан «ТДМ бойынша Прогресс индексі» рейтингінде 2021 жылға дейін тұрақты оң тенденция көрсетіп, 2021 жылы жарияланған рейтингте 59 орын иеленсе, 2024 жылғы рейтинг қорытындысы бойынша Қазақстан 167 ел арасында 71,1 балл жинап, 66-шы орын деңгейіндегі өткен жылғы өз орнын сақтап қалды [6]. Рейтингте алғашқы үштікті әдеттегідей Финляндия, Швеция және Дания бастайды. Елімізде ТДМ ұлттық индикаторлары бекітіліп, олардың параметрлері мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі бірнеше жоспарларға толықтай ендірілгеніне, БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі саяси форумы аясында ТДМ іске асыру бойынша 2022 жылы өзінің екінші ерікті ұлттық шолуын ұсынуына (алғашқы шолу 2019 жылы өткізілген) қарамастан, рейтингте Қазақстан 2020 жылы қол жеткізілген деңгейге дейін қайта төмендеген (1-кесте).

2024 жылғы Баяндама бойынша Қазақстан 17 мақсат арасынан тек 1-мақсат «Кедейлікті жою» бағытында ғана мақсатқа қол жеткізуге жақын; шешілмеген мәселелер әлі де болсын бар саналатын «сары» аймақта – екі индикатор ғана: 4

«Сапалы білім беру» және 10 «Теңсіздікті қысқарту» мақсаттары; ал мақсаттарды жүзеге асыруда елеулі мәселелер бар саналатын «қызыл сары» аймақта ТДМ жартысы орналасқан.

«Сапалы білім беру» 4 ТДМ жүзеге асыруға келсек, 2024 жылғы рейтинг бойынша мәселелер әлі де бар аймаққа ауысқанымен, көрсеткіштің төмендеу тенденциясы орын алған. 2024 жылғы рейтинг бойынша алдыңғы жылдармен салыстырғанда орташа жақсару тенденциясы 7 ТДМ бойынша (денсаулық сақтау, энергетика, экономика, сот төрелігіне қатысты 3,7,8,11,13, 16,17 мақсаттар); 6 ТДМ бойынша жағдай өзгермеген (гендерлік теңдік, таза су мен санитария, жауапты тұтыну мен өндірумен байланысты 2,5,6,9,12,15 мақсаттар). Тек екі мақсат бойынша ғана: 4 «Сапалы білім беру» және 10 «Теңсіздікті қысқарту» мақсаттары бойынша көрсеткіштердің төмендеуі орын алған. Оған әсер еткен, нақты статистикалық сандық өлшемде сипатталатын индикаторлар 2-кестеде келтірілген.

Мемлекетімізде 2017 жылмен салыстырғанда 2023 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың саны 1500 бірлікке өсіп, 247 мыңнан астам жаңа орындар ашылып, оң өзгерістер орын алуына қарамастан 4 жастан 6 жасқа дейінгі балалар-

Кесте 2 – «Сапалы білім беру» 4 ТДМ негізгі сандық индикаторлары бойынша деңгейлер (әлемдік индикаторлар), 2024 жыл

Индикаторлар	Деңгей	Дерек	Мәртебесі	Тренд
1. Мектепке дейінгі ұйымдастырылған білім берумен қамтылу (4 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың санынан %-бен)	80,5	2023 ж.	«сары» аймақ	Төмендеу
2. Мектепке бастапқы оқуға қабылданудың таза коэффициенті (%)	95,6	2023 ж.	«сары» аймақ	Орташа жақсару
3. Орта мектепті бітірудің деңгейі (%)	92,2	2022 ж.	«Жасыл» аймақ	ТДМ-ға қол жеткізілді
4. Сауаттылық деңгейі (15 пен 24 жас аралығындағы халықтан %)	99,9	2020 ж.	«Жасыл» аймақ	ТДМ-ға қол жеткізілді

Ескерту – [6] әдебиет көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

дың мектепке дейінгі ұйымдастырылған оқыту жүйесімен қамтылуында төмендеу тенденциясы байқалады; бұл көрсеткіш Экономикалық ынтамақтастық пен даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттер деңгейінен төмен [5].

«Сапалы білім беру» 4 ТДМ жүзеге асыру нәтижелері жұмыспен қамту, экономикалық өсім мен гендерлік теңдік, теңсіздікті қысқарту секілді бірнеше мақсаттарды орындаумен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Сонымен бірге, оны жүзеге асырудағы жетістіктер БҰҰ Даму бағдарламасы жариялайтын беделді Адам дамуы индексіне (АДИ) тікелей ықпал ететінін атап өткен жөн. 2023-2024 жылғы рейтингте Қазақстан алдыңғы кезеңмен салыстырғанда бірден 11 сатыға төмендеп, 193 мемлекет арасында 67-орынды иеленді (3-кесте).

АДИ-ді есептеудегі негізгі төрт көрсеткіштің екеуі тікелей сапалы білім берумен байланысты. Рейтингтегі Қазақстан орнының төмендеуі жан басына шаққандағы ұлттық табыстың (сатып алу паритеті бойынша қайта есептелген) кемуімен қатар білім алудың күтілетін орташа ұзақтығының 1 жылға кемуімен тікелей байланысты.

Елімізде мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі ендірілуіне орай – мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында ТДМ индикаторлары, олардың өлшемдері, орындау мерзімі секілді параметрлер міндетті түрде қамтылуы тиісті [8]. Қазіргі уақытта 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттері мемлекеттік жоспарлау жүйесімен 100% толықтай үйлестірілген мақсаттардың бірі (денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, инновацияларды ендірумен байланысты мақсаттармен қатар). Атап айтқанда, келесідей ұлттық жобалар мен даму жоспарларында 4 ТДМ міндеттері, индикаторлары, оларға қол жеткізу механизмдері толықтай қамтылған:

1. 12.10.2021 ж. бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы (01.01.2024 ж. бастап күшін жойған);

2. 30.11.2022 ж. бекітілген «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы – 2026 жылға дейінгі аралықта 370 мың (екі ауысымда есептегенде

740 мың) жаңа оқу орнын ашу нәтижесінде орта білім беру мекемелерінде орындар тапшылығын, апаттық жағдайдағы мектептерді, үш ауысымда оқытуды жою; білім сапасын арттыру; негізгі құралдарға инвестиция көлемін 2 есе арттыру; жаңа жұмыс орындарын ашу [9];

3. 28.03.2023 ж. бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес орын алған мәселелерді шешумен байланысты 28 нысаналы индикатор, 5 нәтижеге қол жеткізу жоспарланған [10];

4. 28.03.2023 ж. бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес 198 нысаналы индикатор, 9 нәтижеге қол жеткізу жоспарланған [11];

5. 30.07.2024 ж. бекітілген «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына» сәйкес Білім және ғылым саласында 5 басымдық анықталып, 2029 жылға дейін қол жеткізу жоспарланған 39 негізгі ұлттық индикаторлар арасында 4 индикатор осы салаға қатысты: Оқу сауаттылығы нәтижесі, Математикалық сауаттылық нәтижесі, Жаратылыстану сауаттылығы және QS World University Rankings топ-700 рейтингіндегі Қазақстандық жоғары оқу орындарының саны [5].

Алайда, мемлекеттің ТДМ жүзеге асырудағы жетістігі тек институционалдық сипаттағы жоспарлар мен шешімдердің санына ғана емес, оларды тиісті қаржыландыруға, міндеттерді нәтижелі жүзеге асыру тетіктеріне де байланысты. Бұл сұрақ біздің елімізге ғана емес, барлық мемлекеттерге дерлік ортақ мәселе болып отыр. БҰҰ-ның 2024 жылғы соңғы есебінде жаһандық деңгейде ТДМ міндеттерінің тек 16%-ы нақты прогресті көрсететіні көрсетілген. Міндеттердің негізгі бөлігі (84%) шектеулі прогресті, тоқырауды немесе регрессияны көрсетеді. Осы деректер негізінде есеп авторлары 2030 жылға қарай БҰҰ-ның он жеті мақсатының ешқайсысы толық орындалмайды деп болжап, оның негізгі төрт

Кесте 3 – БҰҰ Адам дамуы индексындағы Қазақстан рейтингі

Кезең	Рейтингтегі орын	Туылғанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл	Білім алудың күтілетін орташа ұзақтығы, жыл	Білім алудың орташа ұзақтығы, жыл	Жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс, АҚШ долл.
2021/2022	56 (0,811)↑ 3	69,4	15,8	12,3	23943
2023/2024	67 (0,802)↓ 11	69,5	14,8	12,4	22587

Ескерту – [7] әдебиет көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

себебінің негізгісі ретінде ТДМ іске асыру үшін көптеген елдердегі қаржыландырудың жеткіліксіздігін атап өтеді. Қалған себептер COVID-19 пандемиясымен; орын алып отырған халықаралық шиеленістермен; өзгерістерді есепке алу қиын климат, экожүйелерді сақтау, жаһандық жылынумен күресу сияқты 13,14,15 ТДМ міндеттерін жүзеге асырудағы кедергілермен байланысты. Орын алған осындай себептерге байланысты ТДМ міндеттерін болашақтағы 25 жылға қайта түзетіп, келесі бақылау мерзімі 2050 жыл деп жоспарлануда [6].

Елімізде 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттерін жүзеге асыруды қаржыландыруға келсек, соңғы жылдары осы саладағы шығындардың абсолютті және салыстырмалы шамада артуын байқауға болады. Бұл шығыстардың ЖІӨ-ге қатысты үлесі де өсіп, біртіндеп ЭЫДҰ елдеріне тән деңгейге жақындады (4–кесте).

Осы саладағы зерттеу нәтижелері мен бюджет шығыстарының құрылымына сәйкес 2023 жылы білім беру саласына бағытталған шығындардың жалпы бюджет шығысындағы үлесі 23% құрады [12]. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 18% шамасында болса, 2022 жылдан бастап білім беру шығындарының көлемі әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз ету шығындарынан да асып түсіп, бюджет шығыстарының ең үлкен бабы болып отыр.

Қазақстанның білім беру шығындарының ЖІӨ-ге қатынасы ЭЫДҰ мемлекеттерінен төмен болса да (БҰҰ ұсынысы бойынша білім берудің тұрақты дамуы үшін салаға шығындар ЖІӨ-нен 5-6% шамасында болуы қажет), аталып өткеніндей елімізде 2016 жылдан бастап бұл салаға бөлінетін қаражаттың ұлғаюы байқалады. Мектепке дейінгі білім беру бойынша шығындардың үлесі ЭЫДҰ елдерімен бірдей деңгейде, орта білім беруде жоғары, алайда кәсіптік және жоғары білім беру салаларындағы шығындар үлесі ЭЫДҰ елдерінен еселеп төмен. Дегенмен, ЖІӨ қатысты % түрінде есептелген салыстырмалы көрсеткіштер ЭЫДҰ мемлекеттерімен салыстыруға келгенімен, елімізде 2017 жылы бекітілген әдістемеге сәйкес

жан басына шаққандағы абсолютті шамадағы қаржыландыру көлемі айтарлықтай төмен. Жан басына шаққандағы қаржыландыру дамыған мемлекеттерде қолданылатын тиімді құрал болғанымен, оны елімізде ендіру тәжірибесіне қатысты сыни пікірлер көп. Мәселенің өзектілігі Мемлекет басшысының 02.09.2024 жылғы жолдауында да аталып өтіліп, мектепке дейінгі білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін өзгерту тапсырылды [4].

Осы салалағы зерттеулер бойынша 2022 жылы білім беруге жұмсалған шығындардың құрылымында басты үлесті орта білім беру (64%) алады, себебі қазіргі уақытта орта мектептерге 3,8 млн. астам оқушы барады; мектепке дейінгі білім беруге бағытталған шығындар 13%, жоғары білім беру 15%, кәсіптік білім беру 7% үлесті алады [12].

Соңғы 10 жылда барлық балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етуге және Қазақстанда мемлекеттік-жекешелік әріптестікті белсенді дамытуға бағытталған мемлекеттік стратегияның арқасында жеке меншіктегі мектепке дейінгі білім беру мекемелері саны күрт өсіп, тек осы деңгейде ғана мемлекеттік және жеке меншіктегі мекемелердің саны іс жүзінде теңесті. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру саласы жеке инвесторлар үшін елеулі мүмкіндіктер ұсынатын перспективалы бағыт болып отыр. Дегенмен, мемлекет тарапынан мектепке дейінгі білім беру мекемелерін салуды қаржыландыруды өсірмесе, демографиялық ахуалға байланысты орындардың жетіспеушілігі одан да арта түспек. Бұл төмендеу тенденциясына ие «Мектепке дейінгі ұйымдастырылған оқытуға қатысу деңгейі» индикаторын одан да төмендетеді. Сонымен бірге, мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етуде жеке меншік секторда сапа, қауіпсіздік мәселелері, қаржыландыру сұрақтары (артық балаларды тіркеу, қаржыны мақсатсыз жұмсау деректері) бар.

2023 жылдың басында 7687 орта білім беретін мектеп болса, оның ішінде 6909 мектеп мемлекеттік (90 %); мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Кесте 4 – Білім беру шығындарының ЖІӨ қатынасы, 2022 жыл

Көрсеткіштер	Қазақстан	ЭЫДҰ мемлекеттері
1. Білім беру шығындарының ЖІӨ қатынасы, %	4,40	5,00
2. Оның ішінде білім беру деңгейлері бойынша, %:		
– мектепке дейінгі білім беру	0,90	0,90
– орта білім беру	2,50	2,00
– кәсіптік білім беру	0,24	0,50
– жоғары білім беру	0,32	1,00
Ескерту – [12] әдебиет көздері негізінде авторлармен құрастырылған.		

аясында жан басына шаққандағы қаржыландырумен де байланысты соңғы екі жылда жеке меншік мектептер саны екі есе өсіп 552 мектеп жеке меншік нысанында. Жеке меншік мектептер орын жетіспеушілігі мәселесін (270 мың орын) шешуге ықпал еткенімен, ол мектептерде (оқу ақысы қымбат, барлық талаптарға жауап беретін санаулы мектептерді есептемегенде) оқушылар санының өсуі оқытушылар санының өсуінен еселеп алда, себебі мемлекеттік көмек оқушылар санына пропорционалды. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» да орта мектепте білім беруді қаржыландырудың өсуіне қарамастан, оның абсолютті шамасы ЭЫДҰ мемлекеттері тұрмақ, Ресейден де төмен болуы; қажыландырудың бұл түрімен барлық мекемелердің қамтылмауын, сол себепті қаржыландыру механизмдерінде ашықтық мәселесінің орын алуы атап өтіледі. Білім беруге бағытталған шығындарда басты үлесті алатын орта білім беру (барлық шығындардан 64%) мемлекеттік қаржыны ең тиімсіз пайдаланатын, коррупцияланған ортаға айналып отыр.

Кәсіптік білім беру саласындағы негізгі мәселелер білім деңгейінің төмен болуымен (мектеп түлектерімен салыстырғанда елеулі төмен), мекемелердің жаңа технологиялармен жабдықтауымен, жан басына шаққандағы қаржыландырудың мектепке дейінгі білім беру мен орта білім берумен салыстырғанда төмен болуымен (басқа мемлекеттермен салыстырмағанда), жұмысқа орналастырумен, кәсіптік білім алуға деген ынта мен сұраныстың төмен болуымен байланысты. 2024 жылғы Жолдауда жоғары оқу орындарымен қатар кәсіптік білім беру мекемелерінің де білікті мамандар даярлаудағы орны нақтыланып, 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» ретінде жарияланды [4].

Жоғары білім алуға қолжетімділікті жоғарылату мақсатында елімізде 2019 жылмен салыстырғанда бакалавриатта гранттар саны 1,7 есе, магистратурада 1,8 есе өскеніне қарамастан, жоғары біліммен жалпы қамтылу (мектеп бітіргеннен кейінгі 5 жыл арасындағы жастағылардың жоғары біліммен қамтылуы) көрсеткіші 62% құрайды (Ресейде 82%, Беларусь 81%, Оңтүстік Корея 94%) [11]. Осы деңгейде орын алған оң өзгерістермен қатар, білім сапасын арттыру мен оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтумен қатар, осы түлектердің өзін мамандық бойынша жұмыспен қамтуда, бөлінген мемлекеттік гранттар мен экономиканың нақты секторы арасындағы қажеттілікті анықтауда, кейбір бағыттар бойынша (ауылшаруашылық, инженерлік, техникалық) бөлінген гранттардың игерілмеуі немесе максималды мүмкін 140 бал-

дан 50-60 балл шегіндегі балмен күрделі мамандықтарға дайындығы төмен түлектердің түсуі, гранттардан бас тарту, дайындығы жоғары түлектердің шетелдік оқу орындарына оқуға кетуі секілді және басқа да мәселелер жеткілікті.

Жалпы алғанда, білім берудің барлық деңгейлеріне бағытталған елеулі мемлекеттік шығындар мен инвестицияларға қарамастан, бұл шаралар ТДМ рейтингінде айтарлықтай жақсаруға әкелген жоқ. Дегенмен, болашақта бұл инвестициялар білім беру сапасы мен білім беру ресурстарының қолжетімділігін айтарлықтай жақсартуға ықпал ете отырып, барлық бағыттарда мультипликативті әсер жасайды деген сенім мол.

**ҚОРЫТЫНДЫ.** Қазіргі уақытта білім беруді қаржыландырудың жеткіліксіздігі және білім беру ресурстарына қол жеткізудегі теңсіздік 4 ТДМ «Сапалы білім беру» міндеттеріне жеткізуге кедергі келтіретін негізгі мәселелер болып отыр. Бұл білім беру мекемелері үшін ресурстардың жетіспеушілігінен, орта мектеп буынынан басқа деңгейлердегі оқытушылардың жалақысының төмендігінен және шалғай, халық аз орналасқан аймақтарда білім беруді дамытудың шектеулі мүмкіндіктерінен көрінеді. Бұл факторлар ресурстары (қаржылық, адам) шектеулі аймақтарда және халықтың әлеуметтік осал топтары арасында сапалы білім беруді қамтамасыз етуге айтарлықтай кедергі келтіріп, білімге қол жеткізуде теңсіздіктің орын алуына әкелді.

Сонымен бірге қосымша білім алудың жоғары шығындары және кәсіби өсудің шектеулі мүмкіндіктері сияқты экономикалық кедергілер өмір бойы білім алуға қол жетімділікті шектеп отыр. Бұл әсіресе халықтың аз қамтылған топтары мен шалғай аймақтарға қатысты.

Жеке сектор білім беру сапасы мен оның қолжетімділігін қамтамасыз етуде маңызды роль атқаруына қарамастан, алайда олардың әлеуеті жеткіліксіз пайдаланылуда, бұл мемлекеттік және жеке құрылымдар арасындағы үйлестірудің болмауына байланысты. Осы секторлар арасындағы серіктестікті дамыту білім беру сапасын жақсартуға және оның қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жүргізілген талдау негізінде білім беруге бөлінген бюджет қаражаттарын жұмсауды оңтайландыру, ресурстарды бөлуді жетілдіру мен білім беру мекемелерін басқарудың тиімді әдістерін енгізуді қамтитын өзгерістер жүргізу қажеттілігі айқын.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің АР19680043 «Қазақстан аймақтарының цифрлық теңсіздік: бағалау және одан шығу жолдары») гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тұрақты даму мақсаттары. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egov.kz/cms/kk/zur> (кіру күні: 10.08.2024)
2. Adipat, S. Sustainable Development Goal 4: An Education Goal to Achieve Equitable Quality Education / S. Adipat, R. Chotikapanich // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. - 2022. - 11(6). – P. 174. <https://doi.org/10.36941/ajis-2022-0159>
3. Haleem, A. Understanding the role of digital technologies in education: A review / A. Haleem, M. Javaid, M.A. Qadri, R. Suman // *Sustainable Operations and Computers*. - 2022. - 3. – P. 275–285. <https://doi.org/10.1016/j.susoc.2022.05.004>
4. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6048484> (кіру күні: 05.09.2024)
5. «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі  
№ 611 Жарлығы. [Электрондық ресурс].–URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (кіру күні: 11.08.2024)
6. Sustainable Development Report [Electronic resource]. – URL: <https://dashboards.sdgindex.org> (date of access: 08.08.2024).
7. Результаты Индекса человеческого развития 2023/2024 года. [Электронный ресурс]. – URL: [https://eri.kz/ru/Novosti\\_instituta/id=6490](https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=6490) (дата обращения: 01.08.2024)
8. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы. [Электрондық ресурс].–URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000079> (кіру күні: 03.08.2024)
9. «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000963> (кіру күні: 05.08.2024)
10. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (кіру күні: 05.08.2024)
11. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (кіру күні: 05.08.2024)
12. Кабжальялова, М. Финансирование образования в Казахстане. Аналитический центр Halyk Finance. 2024. Отчет. [Электронный ресурс]. – URL: [https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac\\_education.pdf](https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_education.pdf) (дата обращения: 01.08.2024)

## REFERENCES:

1. Egov.kz (2024). *Tūraқты даму мақсаттары* [Sustainable Development Goals]. <https://egov.kz/cms/kk/zur> [in Kazakh]
2. Adipat, S. & Chotikapanich, R. (2022). Sustainable Development Goal 4: An Education Goal to Achieve Equitable Quality Education. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, 11(6), 174. <https://doi.org/10.36941/ajis-2022-0159> [in English]
3. Haleem, A., Javaid, M., Qadri, M.A., & Suman, R. (2022). Understanding the role of digital technologies in education: A review. *Sustainable Operations and Computers*, 3, 275–285. <https://doi.org/10.1016/j.susoc.2022.05.004> [in English]
4. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaу [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan]. (2024, September 2). *Adiletti Qazaqstan: zañ men tǎrtip, ekonomikalыq ösum, qoғamdyq optimizm*. [Fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism]. <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6048484> [in Kazakh]
5. QR Prezidentiniñ № 611 Jarlyǵy. [Decree No. 611of the President of the Republic of Kazakhstan]. (2024, July 30). *Qazaqstan Respublikasynyñ 2029 jylǵa deiingі ülttyq damu josparyn bekitu turaly*. [On approval of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> [in Kazakh]
6. The SDGs and the UN Summit of the Future. (2024). *Sustainable Development Report*. <https://dashboards.sdgindex.org> [in English]
7. Economic Research Institute. (2024). *Rezultaty Indeksa chelovecheskogo razvitija 2023-2024 goda* [The results of the Human Development Index 2023-2024.] [https://eri.kz/ru/Novosti\\_instituta/id=6490](https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=6490) [in Russian]
8. QR Ükimetiniñ № 790 qaulysy. [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan No. 790]. (2017, November 29). *Qazaqstan Respublikasyndaǵy memlekettik josparlau júiesin bekitu turaly*. [On approval of the state planning system in the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000079> [in Kazakh]



9. Qazaqstan Respublikasy Üкіmetiniñ № 963 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 963]. (2022, November 30). «Jaily mektep» bilim beru salasyndaǵy pilottyq ulttyq jobasyn bekitu turaly. [On approval of the pilot national project in the field of Education "comfortable school"]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000963> [in Kazakh]
10. Qazaqstan Respublikasy Üкіmetiniñ №249 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 249]. (2023, March 28). Qazaqstan Respublikasynda mektepke deiingi, orta, tehnikalyq jáne käsıptik bilim berudi damytudyñ 2023 – 2029 jyldarǵa arnalǵan tújyrymdamasyn bekitu turaly. [On approval of the concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> [in Kazakh]
11. Qazaqstan Respublikasy Üкіmetiniñ №248 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 248]. (2023, March 28). Qazaqstan Respublikasynda joǵary bilimdi jáne ğylymdy damytudyñ 2023 – 2029 jyldarǵa arnalǵan tújyrymdamasyn bekitu turaly. [On approval of the concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> [in Kazakh]
12. Kabzhalyalova, M. (2024). *Finansirovanie obrazovaniya v Kazahstane* [Financing of education in Kazakhstan]. Analiticheskij centr Halyk Finance. Otchet. [https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac\\_education.pdf](https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_education.pdf) [in Russian]

### СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

**Байдаков Асылбек Канаевич\*** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, есеп және қаржы кафедрасының доценті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>  
E-mail: a\_baidakov@mail.ru

**Курманов Нурлан Айдылдаевич** – PhD докторы, профессор, менеджмент кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-3937-6940>  
E-mail: n.a.kurman@mail.ru

**Вэй Фэн** – PhD докторы, профессор, экономика және менеджмент колледжінің профессоры, A&F Солтүстік-Батыс университеті, Синьян қ, Қытай Халық Республикасы  
E-mail: weifeng@nwafu.edu.cn

**Токенова Сандугаш Мейрамжановна** – PhD докторы, есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: sandi\_77@inbox.ru

**Байдаков Асылбек Канаевич\*** – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, ассоциированный профессор кафедры учета и финансов, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>  
E-mail: a\_baidakov@mail.ru

**Курманов Нурлан Айдылдаевич** – доктор PhD, профессор, профессор кафедры менеджмента, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан, ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-3937-6940>  
E-mail: n.a.kurman@mail.ru

**Вэй Фэн** – доктор PhD, профессор, профессор Колледжа экономики и менеджмента, Северо-западный университет A&F, г. Синьян, Китайская Народная Республика  
E-mail: weifeng@nwafu.edu.cn

**Токенова Сандугаш Мейрамжановна** – доктор PhD, старший преподаватель кафедры учета и финансов, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: sandi\_77@inbox.ru

**Baidakov Asilbek\*** – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Associate Professor of the Department of Accounting and Finance, S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>  
E-mail: a\_baidakov@mail.ru

**Kurmanov Nurlan** – PhD, Professor, Professor of the Management Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan, ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-3937-6940>  
E-mail: n.a.kurman@mail.ru

**Wei Feng** – PhD, professor, Professor at College of Economics and Management, Northwest A & F University, Xinyang, People's Republic of China  
E-mail: weifeng@nwafu.edu.cn

**Tokenova Sandugach** – PhD, Associate Professor, Senior Lecturer at the Department of Accounting and Finance, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan  
E-mail: sandi\_77@inbox.ru